

13. Катаев Н.С. Студенттердің өзіндік жұмысында мультимедиялық технологияларды пайдаланудың педагогикалық шарттары. – Алматы, 2010. – 142 б.
14. Нуржанова Т.Т. Формирование методологической культуры студентов педагогических вузов. - Журнал «Инновации в науке» www.sibac.info № 9 (70), 2017 г.
15. Таубаева Ш.Т. Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері: оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2020. – 360 б.

References:

1. Slastenin V.A., A.S. Sokolov i dr. *Pedagogika: Ucheb. posobie dlä stud. vyssh. ped. ucheb. zavedeni / Pod red. V.A. Slastenina.* - M.: Izdatelski sentr «Akademia», 2002. – 134s.
2. Novikov A.M. *Nauchno-eksperimentälnaia rabota v obrazovatel'nom uchrejdenii.* - M., 2008.
3. Kabanov P.G. *Voprosy sovershenstvovaniia metodologicheskoi kültury pedagoga.* - Tomsk: Izd-vo Tom. un-ta, 1999.- 140 s.
4. Hodusov A.N. *Metodologicheskaiia kültura uchitelä i uslovä ee formirovaniia v sisteme sovremennogo pedagogicheskogo obrazovaniia.* - M., 1997.-121s.
5. Ibragimov, G.I. «Project-and research-based learning as a technology for developing master students' methodological culture development», *Education and Self Development. Volume 16, № 3, 2021 | Journal article;* DOI: [10.26907/esd.16.3.26](https://doi.org/10.26907/esd.16.3.26) / EID:2-s2.0-85117275631; Part f ISSN: [19917740](https://doi.org/10.26907/esd.16.3.26);
6. Taubaeva Ş.T. *Pedagogikanyñ filosofiasy men ädisnamasy.* – Almaty, 2017. - 388 b.
7. Türgynbaeva B.A. *Üstazdyq şyğarmaşylyq.* – Almaty, 2007. – 236 b.
8. Baitukaeva A.Ş. *Stanovlenie i razvitie nauchno-issledovatel'skoi raboty studentov v sisteme vysshëgo obrazovniia Kazahstana (1928-1986g.g.): avtoref. ...kand.ped.nauk.* – Almaty, 2002. – 22 s.
9. Baimukaşeva Ğ.K. *Studentterdiñ ğylymi-zertteu äreketterin qalyptasty Rudyñ pedagogikalq şarttary: ped. ğyl. kand. ... dis.* – Atyrau, 2010. – 140 b.
10. Harlen W. *Primary teachers' understanding in science and its impact in the classroom // Research in Science Education.* - 1997. - №27. – P. 323 // <https://doi.org/10.1007/BF02461757>.
11. Baidan M.A. *Nauchno – issledovatel'skaia rabota studentov kak sredstvo formirovaniia ih tvorcheskoi aktivnosti: dis. ... kand. ped. nauk.* – Odessa, 1985. – 261 s.
12. Barsai B.T. *Bolaşaq bastauş synyp müğalimderiniñ käsibi didaktikalq qūzyrettılıgın qalyptasty Rudyñ ğylymi-pedagogikalq negizderi: ped. ğyl. dok. ... dis.* – Şymkent, 2010. – 106 b.
13. Kataev N.S. *Studentterdiñ özendik jumysynda multimedialq tehnologialardy paidalanudyñ pedagogikalq şarttary.* – Almaty, 2010. – 142 b.
14. Nurjanova T.T. *Formirovanie metodologicheskoi kültury studentov pedagogicheskikh vuzov.* - Jurnal «Innovasii v nauke» www.sibac.info № 9 (70), 2017 g.
15. Taubaeva Ş.T. *Pedagogikalq zertteulerdiñ ädisnamasy men ädisteri: oqu qūraly.* – Almaty: «Qazaq universiteti», 2020. – 360 b.

MPHTI 14.35.83

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.85.1.017>

Р.Е.Каримова,^{1*}  А.А.Алимбекова¹ 

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ ЗАТТЫҚ ДАМУЫШЫ ОРТАНЫ ЖОБАЛАУ ӘЛЕУЕТІ

Аңдатпа

Қазіргі қоғамдағы өзгерістер білім беру басымдықтарын қайта қарауды талап етеді, бұл өз кезегінде мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық тәсілдерін іздеуді қажет етеді. Осы үдерісте маңызды рөл атқаратын заттық-дамытушы орта материалдық және әлеуметтік-мәдени жағдайлардың жиынтығы ретінде қарастырылады, ол баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, танымдық белсенділігін арттыруға және балабақшада қолайлы орта қалыптастыруға ықпал етеді.

Мектепке дейінгі білім берудің басты міндеттерінің бірі – болашақ педагогтердің дамытушы ортаны жобалау дағдыларын қалыптастыру. Бұл үдеріс тек ұйымдастырушылық мәселе ғана емес, сонымен қатар педагогикалық шығармашылық тапсырмаларды шешу арқылы болашақ мамандардың кәсіби және тұлғалық дамуына ықпал ететін маңызды фактор болып табылады.

Зерттеу барысында заттық-дамытушы ортаны жобалаудың негізгі аспектілері қарастырылып, ғылыми әдебиеттерге талдау жасалды, болашақ тәрбиешілердің кәсіби қалыптасуына әсер ететін педагогикалық шарттар анықталды және дамытушы білім беру ортасын қалыптастырудың тиімді әдістері айқындалды.

Зерттеудің мақсаты – болашақ тәрбиешілердің кәсіби қалыптасуын заттық-дамытушы ортаны жобалау арқылы теориялық негіздеу және оның моделін жасау. Зерттеу нәтижесінде мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің тұлғалық-кәсіби дамуы ортаға негізделген, тұлғаға бағытталған және іс-әрекеттік тәсілдер арқылы тиімді жүзеге асырылатыны дәлелденді. Сонымен қатар, дамытушы ортаның құрылымдық мазмұны нақтыланып, оны қалыптастырудың негізгі қағидалары мен әдістері анықталды, бұл болашақ педагогтерді даярлаудағы маңыздылығын көрсетеді.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі ұйым, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогі, педагог-тәрбиеші, мектеп жасына дейінгі бала, заттық-дамытушы орта, жобалау, әлеует.

Каримова Р.Е.,^{1*}  Алимбекова А.А.¹ 

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан

ПОТЕНЦИАЛ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ ПО ПРОЕКТИРОВАНИЮ ПРЕДМЕТНОЙ РАЗВИВАЮЩЕЙ СРЕДЫ

Аннотация

Современные изменения в обществе требуют пересмотра образовательных приоритетов, что обуславливает поиск инновационных подходов к обучению и воспитанию дошкольников. Важную роль в этом играет предметно-развивающая среда, представляющая собой совокупность материальных и социокультурных условий, стимулирующих творческое развитие ребенка, его познавательную активность и комфортное пребывание в детском саду.

Одной из ключевых задач дошкольного образования является формирование у будущих педагогов навыков проектирования развивающей среды. Этот процесс не только организационный, но и способствует их профессиональному и личностному развитию через решение педагогических задач творческого характера.

В исследовании рассмотрены основные аспекты проектирования предметно-развивающей среды, анализируется научная литература, выявлены педагогические условия, влияющие на профессиональное становление будущих воспитателей, а также эффективные методы формирования развивающей образовательной среды.

Цель работы – теоретически обосновать и разработать модель профессионального становления будущих воспитателей через проектирование предметно-развивающей среды. В ходе исследования доказано, что личностно-профессиональное развитие педагогов дошкольного образования может эффективно реализовываться посредством средового, личностно-ориентированного и деятельностного подходов. Уточнена структура развивающей среды, определены принципы и методы ее формирования, что подчеркивает значимость данного процесса в подготовке будущих педагогов.

Ключевые слова: дошкольная организация, будущий педагог дошкольной организации, педагог-воспитатель, дошкольник, предметно-развивающая среда, проектирование, потенциал.

Karimova R.,^{1*}  Alimbekova A.¹ 

¹ Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

THE POTENTIAL OF FUTURE TEACHERS OF PRESCHOOL ORGANIZATIONS TO DESIGN A SUBJECT-DEVELOPING ENVIRONMENT

Abstract

Modern changes in society require a reassessment of educational priorities, which necessitates the search for innovative approaches to teaching and educating preschool children. A key role in this process is played by the subject-developing environment, which is a combination of material and sociocultural conditions that stimulate a child's creative development, cognitive activity, and comfortable experience in kindergarten.

One of the primary tasks of preschool education is to develop future educators' skills in designing a developmental environment. This process is not merely organizational but also contributes to their professional and personal growth by solving pedagogical tasks of a creative nature.

This study examines the key aspects of designing a subject-developing environment, analyzes scientific literature, identifies pedagogical conditions that influence the professional formation of future educators, and explores effective methods for creating a developmental educational environment.

The aim of this study is to theoretically substantiate and develop a model for the professional formation of future educators through the design of a subject-developing environment. The research confirms that the personal and professional development of preschool educators can be effectively implemented through environmental, learner-centered, and activity-based approaches. The structure of the developmental environment has been clarified, and its principles and methods of formation have been identified, highlighting the significance of this process in preparing future educators.

Keywords: preschool organization, future teacher of preschool organizations, teacher-educator, preschool child, material and developing environment, design, potential.

Кіріспе. Мектеп жасына дейінгі балалармен тікелей өзара әрекеттесумен қатар, қазіргі тәрбиешінің кәсіби қызметінің негізгі бағыттарының бірі балалар үшін заттық дамытушы ортаны құру және жобалау болып табылады [1]. Мектепке дейінгі ұйымның заттық кеңістігін өзгерту және жобалау бойынша жұмыс кәсіби дамудың кез-келген кезеңінде болашақ педагогке қызықты болатын шығармашылық ізденіспен байланысты, өйткені бұл жобалау кезінде оның педагогикалық қызығушылықтарын білдіруге, осы қызмет түрінде даралықты көрсетуге мүмкіндік береді. Болашақ педагог-тәрбиешінің кәсіби шығармашылығының нәтижесі ретінде заттық-дамытушы ортаны қарастыра отырып, біз мектепке дейінгі ұйымдағы кеңістіктік өзгерістердің маңыздылығын атап өткіміз келеді. Бұл өзгерістер балалардың әртүрлі іс-әрекеттерін жүзеге асыруына қолайлы жағдай жасап, қоршаған ортаның қолжетімділігін, икемділігі мен көпқызметтілігін арттыруға бағытталады. Сонымен қатар, мұндай орта болашақ тәрбиешінің кәсіби білімін жетілдіруге, дағдыларын дамытуға және оның мамандығына деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Осылайша, мектепке дейінгі ұйымның заттық кеңістігі баланың дамуының қажетті шарты ретінде ғана емес, сонымен бірге осы ортаны құратын педагогтің үнемі жеке және кәсіби дамуына ықпал ететін ерекше шығармашылық қызмет ретінде де әрекет етеді.

Біздің зерттеуіміздің негізгі мақсаты - болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің заттық дамытушы ортаны жобалау әлеуетін ғылыми әдебиеттер негізінде зерделеп, өз тұжырымымызды беру болып көзделді. Аталған мақсатты орындау барысында отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері мен идеялары талданып, жүйеленді.

Баланың заттық ортадағы дамуы мәселесін алғаш көтергендердің бірі итальяндық ғалым, философ және ағартушы Мария Монтессори болды. Ол өзінің еңбектерінде баланың ақыл-ойы мен тұлғалық қалыптасуы ең тиімді түрде арнайы ұйымдастырылған дидактикалық ортада жүзеге асатынын атап өтті [2]. Себебі кішкентай балалар қоршаған кеңістіктегі заттармен әрекеттесу арқылы білім алады. Бүгінгі таңда білім беру ортасының маңызды сипаттарының бірі – оның өзгергіштігі, яғни балалардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарына икемделе отырып, бейімделу қабілеті.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы) білім беру саласындағы міндеттері нақты көрсетілген. Атап айтқанда, мектепке дейінгі ұйымдарда баланың өзіне қызықты іс-әрекет түрлерін еркін таңдауға мүмкіндік беретін, қолжетімді заттық-кеңістік ортаны ұйымдастыру қажеттілігі баса айтылады [3].

Бұл қағиданы ұстану болашақ педагог-тәрбиешілерге мектепке дейінгі балаларға бағытталған заманауи және тартымды білім беру ортасын қалыптастыруға жағдай жасайды. Мұндай орта баланың жеке ерекшеліктерін ескеріп, оның жетістіктерін мойындауға және құрметтеуге ықпал етеді. Сонымен қатар, баланы кеңістіктегі өзгерістерге белсенді қатысуға ынталандырады. Баламен серіктестік негізінде ұйымдастырылған орта оның дербес бастамаларын жүзеге асыруына және түрлі іс-әрекеттерге белсенді қатысуына қолайлы алаң ретінде қызмет етеді. Мектеп жасына дейінгі баламен ынтымақтастықта заттық дамытушы ортаны жобалау болашақ педагог-тәрбиешінің кәсіби шығармашылығы мен импровизациясынсыз мүмкін емес. Топтың заттық дамытушы ортасын ұйымдастыру барысында болашақ педагог кеңістікті безендіруге, интерьер бөлшектерін жасауға, қоршаған орта сәулетін жобалауға қажетті арнайы

дағдылар мен біліктерді қолдана отырып, өзінің шығармашылық әлеуетін жүзеге асырады [4]. Дамытушы ортаны қалыптастыру барысында болашақ педагог бір мезгілде тәрбиелік және эстетикалық міндеттерді шешеді. Себебі, заттық-дамытушы орта балалардың танымдық қызығушылығын арттыруға, олардың бастамашылдығын дамытуға ықпал етуі тиіс. Сонымен қатар, бұл орта балалардың заманауи қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес өзіндік ерекшеліктерге ие болуы қажет.

Ғылыми зерттеулерде біздің қарастырып отырған мәселемізге қатысты белгілі бір жүйе жинақталған. Осыған байланысты, келесі кезеңде психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі ғалымдардың тұжырымдарына талдау жасауды маңызды деп есептейміз. Тұлғаның кәсіби дамуын зерттеуге Е.А.Зеер [5], А.И.Иванова [6], Б.И.Кенжебеков [7] және т.б. сияқты ғалымдардың зерттеулерінде болашақ педагогтердің кәсіби даму кезеңдері, оның құрылымдық компоненттері және осы үдеріске әсер ететін факторлар анықталған. Болашақ педагогтердің кәсіби дамуына арналған көптеген жұмыстарға қарамастан (Н.В.Антонов, А.А.Деркач, О.А.Иванова, В.А.Сластенин және т. б.), мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсібилігін арттыру мәселесі әлі де жетілдіруді қажет етеді. В.И.Загвязинский, В.А.Кан-калик, М.М.Поташник, Г.В.Сорокомова өз еңбектерінде тәрбиешінің қызметі тәрбиеленушілермен өзара әрекеттесу және шығармашылық білім беру ортасын құруда көрінетін кәсіби шығармашылықтың ерекше түрі ретінде қарастырды [8].

Мектепке дейінгі білім берудің ерекшелігі - педагогтің дамып келе жатқан бала үшін заттық дамытушы ортаны құра алу. Бұл мәселеге ғалым Л.В.Шакированың зерттеулері арналған. Автор мектепке дейінгі ұйымның заттық дамытушы ортасының түсінігі мен компоненттік құрамын анықтайды, баланың дамуы үшін ортаның маңыздылығын анықтайды, оны ойын материалдары мен аймақтарының жиынтығы ретінде қарастырады [9]. Тәрбиешінің жеке және кәсіби дамуына ықпал ететін педагог пен баланың өзара әрекеттесуінің ерекше түрі ретінде даму ортасын бірлесіп құру үдерісі жіті зерттеуді талап етіп отыр.

Арнайы ұйымдастырылған ортада баланың даму үдерісі Б.М.Бим-Бад, Ю. С.Мануйлов, Л.И.Новикова, В.И.Слободчиков, И.Г.Шендрик, В.А.Ясвин және т.б. еңбектерінде толық көрінеді. Авторлар мектепке дейінгі ұйымдарда заттық дамытушы ортаны ұйымдастырудың тарихи аспектілерін талдайды. Ғылымда қоршаған орта педагогикасы И.А.Алямов, А.А.Аркин, М.Я.Басов, Л.С.Выготский, Е.И.Тихеева. Шетелдік педагогикада М.Монтессоридің артынан қоршаған ортаға деген көзқарас Реджио-педагогика жүйесінің негізін қалаушы Л.Малагуцци еңбектерінде қоршаған ортаны «үшінші тәрбиеші» деп қарастырылды [10].

Заттық дамытушы ортаны құрудағы заманауи мектепке дейінгі педагогика В.А.Петровский мен С.Л.Новоселованың еңбектерінде ұсынылған балалармен өзара әрекеттесудің жеке - бағдарланған моделіне сүйене отырып, тұжырымдамалық негіздерге бағытталған [11].

Баланың дамуындағы заттық дамытушы ортаның рөлі бірқатар авторлардың еңбектерінде зерттелген (Л.М.Кларина, Л.П.Стрелкова, А.П.Усова). Дамышы білім берудің ғылыми-психологиялық негіздері және осындай білім берудің ажырамас бөлігі ретінде дамытушы ортаны ұйымдастыру - мектепке дейінгі деңгейге қатысты – XX ғасыр ғалымдарының еңбектерінде көрсетілген: Л.С.Выготский, А.В.Запорожец, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, Д.Б.Эльконин [12].

Мектепке дейінгі ұйымның заттық дамытушы ортасын жобалау, оны ұйымдастыру әдістерін іздеу мәселелері көптеген педагог-зерттеушілердің ғылыми қызығушылығының нысанына айналды.

Қазіргі зерттеушілер балабақшаның даму ортасын мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау әдістерін әзірлеу тұрғысынан қарастырады. Мектепке дейінгі білім беру сапасының көрсеткіші ретінде заттық дамытушы орта Е.О.Смирнова, О.А.Шиян, И.Б.Шиян. С.Шериданның зерттеулері педагог-тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін дамыту арқылы мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру мүмкіндігін дәлелдейді [13].

Ғалымдар Brina Kurent, Stanislav Avsec болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды тиімді жобалау, балаларды оқыту балалардың одан әрі дамуына үлкен әсер етеді, сондықтан болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтері сауатты және тиісті оқыту мен тәрбиелеу әдістерін қолдануы керек деген пікірді алға тартты [14].

Негізгі ережелер. Мектепке дейінгі білім беру – жалпы білім беру жүйесінің алғашқы сатысы ретінде баланың жан-жақты дамуына негіз қалайды. Ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуы, ата-аналар қауымдастығы мен мемлекеттің мектепке дейінгі білім сапасына ерекше көңіл бөлуі педагогтен кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіруді, балалармен жұмыстың жаңа әдістерін іздестіруді, оқытудағы заманауи технологияларды меңгеруді және түрлі кәсіби дағдыларды қалыптастыруды талап етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделінде болашақ педагог-тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігі мен әдістемелік дайындығы жан-жақты қарастырылып, мектепке дейінгі ұйымдарда дамытушы заттық-кеңістік ортаны жобалау мүмкіндіктері талданған [15]. Бұл зерттеуіміздің өзектілігін одан әрі арттыра түсетінін анықтауға мүмкіндік береді.

Болашақ маманның кәсіби даярлығы барысында оның білімін, дағдыларын және тәжірибесін кеңейтумен қатар, кәсіби қызметке деген көзқарасы, қызығушылықтары мен қажеттіліктері де қалыптасады. Кәсіби даму үдерісінде бұл өзгерістер оң немесе теріс сипатта болуы мүмкін және болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби іс-әрекетінің қалыптасуына ықпал етеді. Осыған байланысты, болашақ тәрбиешілердің жеке және кәсіби дамуына әсер ететін жағдайлар мен тетіктерді зерттеу – өзекті ғылыми мәселе ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыда біз мектепке дейінгі ұйымның дамытушы заттық ортасын дамытуды педагогикалық сипаттағы шығармашылық мәселелерді шешу арқылы оның жеке және кәсіби дамуына ықпал ететін тәрбиеші қызметінің ерекше түрі ретінде қарастырамыз. Бұл құбылысты зерттеу болашақ педагог жұмысындағы жүйелі өзгерістерді анықтауды, оларға әсер ететін жағдайларды нақтылауды және кәсіби дамудың оңтайлы құралдарын таңдауды талап етеді.

Материалдар және әдістер. Зерттеудің мақсатына қол жеткізу және қойылған міндеттерді шешу үшін келесі әдістер қолданылды: теориялық және ғылыми әдебиеттерді, нормативтік құжаттарды, сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартын талдау; педагогикалық модельдеу; эмпирикалық-эксперименттік әдістер (анықтаушы және қалыптастырушы); педагогтер мен тәрбиеленушілердің іс-әрекетін бақылау; заттық-дамытушы ортаны іс-әрекеттің нәтижесі ретінде зерттеу және бағалау; әңгімелесу, сауалнама жүргізу, жалпылау, салыстыру әдістері; сондай-ақ эксперименттік зерттеудің нәтижелерін статистикалық және графикалық тұрғыдан талдау. Әдістемелік кешенге мыналар кіреді: Д.Барбуто мен Р.Сколлдың мотивация көздерін анықтауға арналған сауалнама; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтері үшін өзгертілген шығармашылық ойлау деңгейін анықтауға арналған Э.П.Торренс тесті; бейнелеу іс-әрекетімен айналысатын педагог пен баланың өзара әрекеттесу тәсілдерін зерттеуге арналған авторлық шкала; балалардың дербес белсенділігін қолдау үшін заттық дамытушы орта көрсеткіштерінің авторлық шкаласы деректерді сандық өңдеу кезінде анықталған айырмашылықтардың маңыздылығын анықтау әдісі ретінде Стьюденттің t-критерийіне сәйкес есептелді.

Нәтижелер мен талқылау. Кәсіби шығармашылықты жеке және кәсіби дамудың маңызды көрсеткіші ретінде қарастыра отырып, біз осы үдерісті зерттеуде әр компоненттің шығармашылық деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін әдістерді таңдадық. Мотивациялық компонентті тұлғаның кәсіби бағдарын айқындайтын негізгі көрсеткіш ретінде қарастырып, зерттеудің әр кезеңінде кәсіби мотивация көздерінің арақатынасын талдадық (бағалау Д. Барбуто мен Р. Сколлдың сауалнамасы негізінде жүргізілді).

Икемділік – ойлаудың маңызды қасиеттерінің бірі ретінде бейімделгіштік, өзгергіштік және ұтқырлық қабілеттерімен сипатталады. Бұл компонентті біз шығармашылық ойлаумен байланыстырып, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтері үшін бейімделген Э.П.Торренстің әдістемесі негізінде бағаладық. Болашақ тәрбиеші құзыреттілігінің көрсеткіштері оның баламен

өзара әрекеттесуінің сипаттамалары және кәсіби шығармашылықтың нәтижесі ретінде дамып келе жатқан заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру деңгейі болып табылады. Педагог пен баланың бейнелеу іс-әрекетімен ұйымдастырылған іс-әрекетте өзара әрекеттесу тәсілдерін зерделеу және дамытушы пән бойынша анықтау үшін - балалардың тәуелсіз іс-әрекеттегі белсенділігін қолдау жағдайларының кеңістіктік ортасында авторлық бағалау шкалалары жасалды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс үш кезеңде жүзеге асырылды.

Диагностикалық кезеңде біз мектепке дейінгі ұйымдарда заттық дамытушы ортаны ұйымдастырудың жалпы деңгейін белгіледік, сондай-ақ болашақ педагогтерге шығармашылық ойлауды дамытудың бастапқы деңгейін; кәсіби мотивация көздерінің арақатынасын анықтадық. Зерттеу Алматы қаласындағы №109 Бөбекжай-балабақшаның заттық дамытушы ортасын жобалау бойынша зерттеу алаңы мен университеттік педагогикалық практика (өндірістік) жұмысы аясында жүргізілді. Осы кезеңдегі зерттеудің негізгі әдістері балалар мен болашақ педагогтердің өзара әрекеттесуіне сауалнама жүргізу және бақылау болды, бұл топтың бірлескен қызметі мен заттық дамытушы ортаны ұйымдастырудағы кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің диагностикалық кезеңіндегі жұмыс барысында 1-суретте көрсетілген болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби уәждемесінің жетекші көздері анықталды: болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жұмысында шығармашылық ойлауды дамытудың жеткіліксіз деңгейі анықталды. Заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру мәселелері баланың танымдық дағдыларын дамытуға формальды көзқараспен қарау, шығармашылық, ойын және танымдық іс-әрекеттерге арналған материалдардың жеткіліксіз әртүрлілігі мен өзгергіштігінің төмендігімен байланысты. Сондай-ақ, топтық кеңістікте балалардың іс-әрекет нәтижелерінің әлсіз көрініс табуы байқалады – болашақ педагог-тәрбиешілер топ бөлмесін жобалау барысында балалардың шығармашылық жұмыстарын пайдалануға жеткілікті көңіл бөлмейді.

Зерттеудің қалыптастырушы кезеңінде біз топтардың заттық-дамытушы ортасын жобалау үдерісіне педагогтердің белсенді қатысуын қамтамасыз ететін құралдарды енгіздік, бұл олардың жеке және кәсіби дамуына ықпал ететін жағдайларды іске асыруға мүмкіндік берді. Негізгі шарт ретінде болашақ педагогтермен тікелей жұмыс жасалды. Атап айтқанда, балабақша тобының үздік заттық дамытушы ортаға арналған кәсіби байқау-конкурсына мектепке дейінгі ұйымның 16 болашақ педагогі қатысты. Конкурсқа дайындық барысында қатысушылар үшін консультациялар өткізілді; өзгергіштік және жобалау принциптеріне жауап беретін балалар тобының заттық кеңістігін модельдеу және жобалау. Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің қызметін жетілдірудің маңызды құралы сонымен қатар болашақ тәрбиешілерді мектепке дейінгі ұйым негізінде тәжірибе алаңының семинарларында көпшілік алдында сөйлеу түрінде тәжірибені жалпылау және тарату қызметіне тарту болды. Педагогикалық (өндірістік) практика барысында біздің білім алушылар тәрбиешілер мен ата-аналарға арналған бірнеше семинарлар мен тренингтер өткізді.


Болашақ педагог-тәрбиешілердің жеке және кәсіби дамуының шарты ретінде балалармен өзара әрекеттесу және олардың ата-аналарымен ынтымақтастық болашақ педагогтердің бастамасымен іске асырылды.

Нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымдағы 8 топтың заттық дамытушы кеңістігінде жүйелі өзгерістер болды.

Қалыптастырушы эксперимент нәтижелерін талдау болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби дамуының маңызды өзгерістерін айқындады. Бақылау тобында айтарлықтай өзгерістер байқалмаса, эксперименттік топта елеулі ілгерілеу болды.


Атап айтқанда, шығармашылық ойлау деңгейі жоғары болашақ тәрбиешілердің үлесі артты. Сонымен қатар, кәсіби мотивация құрылымында өзгерістер орын алып, бұл болашақ педагогтердің кәсіби басымдықтарын қайта қарауына ықпал етті. Олар өз қызметін сыртқы тұрғыдан бағалауға деген қажеттілікті арттырып, жаңа кәсіби мақсаттар мен құндылықтарды саналы түрде

қабылдауға бейімделе түсті. Мотивацияның жетекші көзі өзгерген жоқ («Мен» тұжырымдамасы), бірақ «ішкі үдерістер» көзінің айтарлықтай өсуі болашақ педагогтердің кәсіби қызметтен ләззат ала бастағанын көрсетеді. Эксперименттік жұмыстың әртүрлі кезеңдеріндегі болашақ педагогтердің кәсіби мотивациясының жетекші көздерін өлшеу деректері 1-суретте келтірілген.



Сурет 1 - Зерттеудің әртүрлі кезеңдеріндегі болашақ педагог-тәрбиешілердің кәсіби мотивациясының жетекші көздерінің арақатынасы


Болашақ педагогтердің кәсіби мотивациясының жетекші көздерінің арақатынасындағы өзгерістерді біз болашақ педагогтердің ойын аймақтарын құру үдерісінде көрсеткен шығармашылығының әсерімен байланыстырамыз, олардың дағдыларын қолдана отырып, жаңа нұсқаларды тандап, идеяларды жүзеге асырамыз. Болашақ педагог-тәрбиешілердің кәсіби шығармашылығын қолдану мүмкіндігі олардың жұмысқа деген қызығушылығын арттыруға, кәсіби өзін-өзі көрсету қажеттілігін қанағаттандыруға ықпал етті, бұл заттық дамытушы ортаны ұйымдастырудағы және болашақ педагог-тәрбиешілердің шығармашылық ойлауындағы сапалы өзгерістерден көрінді (2-сурет).



Сурет 2 – Болашақ педагог-тәрбиешілердің шығармашылық ойлауының даму деңгейін өлшеу нәтижелері

Біз эксперименттік топтағы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің шығармашылық ойлау деңгейін арттыруды заттық дамытушы ортаны жобалау бойынша шығармашылық


қызметпен байланыстырды (ойын аймақтарын жоспарлау, олардың эстетикалық дизайны және жобалау). Заттық дамытушы ортаны жобалау бойынша жұмыс баламен ынтымақтастықта жүргізілді, бұл 3-суретте көрсетілген болашақ педагог пен баланың өзара әрекеттесуіндегі өзгерістерге ықпал етті.



Сурет 3 - Болашақ педагог-тәрбиеші мен баланың өзара әрекеттесуіндегі өзгерістер

Диагностикалық және қалыптастырушы кезеңдердегі болашақ педагог-тәрбиеші мен баланың өзара әрекеттесуін бағалау бойынша зерттеу нәтижелерін салыстыра отырып, өзгерістердің көп бөлігі болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің эксперименттік тобының көрсеткіштерінде байқалатынын атап өткіміз келеді. Бейнелеу іс-әрекетін ұйымдастырған кезде эксперименттік топтағы болашақ педагогтер материалдардың қол жетімділігі мен өзгергіштігіне көбірек көңіл бөле бастады, бұл оларды орналастыруда және балаларға түс, бейнелеу әдісі, көркем материал мен құралды таңдауға мүмкіндік беруде көрінді. Суреттің тақырыбы мен сюжетін таңдау тәсілі едәуір жақсарды – эксперименттік педагогтері балалардың шығармаларында даралықты көбірек көтермелеп, бағалай бастады, ұйымдастырылған іс-әрекеттерде олар мектеп жасына дейінгі балаларға сюжетті қалай дамытуға және суретті толықтыруға кеңес берді. Сурет сюжеті мен іс-әрекет тақырыбының өзгергіштігіне болашақ педагог-тәрбиешілердің көзқарасының өзгеруі баланың танымдық белсенділігін арттыруға және ұйымдастырылған іс-әрекеттерде оң қарым-қатынас атмосферасын, жұмыс шығармашылық ортасын құруға ықпал етті. Бақылау тобындағы болашақ педагогтердің бейнелеу қызметі ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде педагог пен баланың өзара іс-қимылында елеулі өзгерістердің болмауы эксперименттік топ көрсеткіштерінің жақсаруы педагогтерді заттық дамытушы ортаны жобалау жұмысына тартудан туындағанын дәлелдейді.

Эксперименттік бақылау топтарының заттық дамытушы ортасын жобалаудағы өзгерістері 4-суретте көрсетілген.



Сурет 4 – Эксперименттік және бақылау тобындағы болашақ педагог-тәрбиешілердің заттық дамытушы ортаны жобалаудағы өзгерістер

Ең көп нәтиже өнімді қызмет үшін жағдайларды ұйымдастыруға байланысты көрсеткіштер бойынша тіркелді. Зерттеу нәтижелері балалардың еркін сурет салуына арналған түрлі материалдардың қолжетімділігі артқанын, сондай-ақ олардың өз жұмыстарын (суреттер мен фотосуреттер) топтық кеңістікке орналастыру мүмкіндіктерін еркін тандай алатынын көрсетті. Сонымен қатар, балалар ойын ойнау және топ ішін безендіру барысында өз шығармашылық жұмыстарын көбірек пайдалана бастады. Атрибуттардың қолданылу деңгейінің салыстырмалы түрде төмен өзгеруін олардың бастапқы көрсеткіштерінің жоғары болуымен түсіндіруге болады. Дегенмен, атрибуттардың қолжетімділігінің біртіндеп артуы ойындық жағдайдың жақсаруымен тығыз байланысты, өйткені балалар үшін белгілі бір материалдарға еркін қол жеткізу мүмкіндігі олардың шығармашылық белсенділігіне тікелей әсер етеді.

Эксперименттік топтарда балалардың уақытқа деген қызығушылығы артып, түрлі материалдармен тәжірибе жасау мүмкіндігі кеңейе түсті, бұл олардың танымдық белсенділігінің өсуіне ықпал етті. Табиғи материалдарды сақтау жүйесінің өзгеруі мен жаңа коллекциялардың қалыптасуы «іс-әрекеттің өзгергіштігі» көрсеткішінің артуына әкелді.

Бақылау тобында заттық-дамытушы ортада айтарлықтай өзгерістер орын алмады. Жекелеген топтарда тек жиһазды ауыстыру және жаңа ойын түрлерін енгізу байқалғанымен, бұл балалардың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыруында айтарлықтай өзгерістерге алып келмеді. Бақылау тобындағы кейбір өзгерістерді талдау нәтижесінде, эксперименттік топтардағы заттық-дамытушы ортаның жақсаруы жүргізілген эксперименттік жұмыстың тиімділігін дәлелдейтіні анықталды.

Зерттеу барысында қолданылған әдістер мен құралдар болашақ педагогтердің заттық-дамытушы ортаны жобалау қабілетін дамытуға, олардың шығармашылық идеялары мен кәсіби дағдыларын жетілдіруге ықпал етті. Бұл олардың кәсіби мотивациясын арттырып, шығармашылық белсенділікті дамытудың тиімді тәсілі ретінде қарастырылды.

Зерттеу нәтижелерінің статистикалық негізділігін анықтау үшін Стьюденттің t-критерийі қолданылды.

Зерттеу тақырыбына қатысты бірқатар мәселелер қарастырылғанымен, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде мектепке дейінгі ұйымдардың заттық-дамытушы ортасын жетілдіру үдерісінде болашақ педагог-тәрбиешілердің кәсіби дамуы жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Бұл мәселе болашақ педагогтердің жеке және кәсіби өсуі мен мектепке дейінгі ұйымдарда дамытушы заттық-кеңістік ортаны ұйымдастыру теориясы мен әдістемесінің толық қалыптаспауы арасындағы қарама-қайшылықтан туындайды.

Осыған байланысты, мектепке дейінгі ұйымның заттық-дамытушы ортасын жобалау үдерісі болашақ педагог-тәрбиешілердің кәсіби және жеке дамуына ықпал ететін маңызды фактор ретінде қарастырылуы тиіс деген қорытынды жасауға болады.

Қорытынды. Зерттеудің негізгі нәтижелерін төмендегідей тұжырымдауға болады:

1. Балабақшаның заттық дамытушы ортасын дамыту болашақ педагог-тәрбиеші жұмысындағы кәсіби шығармашылық деңгейін арттыруға және оның жеке және кәсіби дамуына ықпал ететіні теориялық тұрғыдан негізделген және эксперименталды түрде дәлелденген. Эксперименттік топтың нәтижелері көрсеткендей дербес іс-әрекеттің нәтижесінде болашақ педагог-тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс-әрекетті ұйымдастыруға деген көзқарасы өзгерді. Заттық дамытушы ортаны жобалау мен аймақтарға бөлудің заманауи тәсілдері мектеп жасына дейінгі балалардың ойын сюжеттерін байытуға ықпал етті. Топтық бөлменің интерьерін өзгерту үшін балаларды дизайнға және педагогпен бірлескен шығармашылыққа тарту мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасаудың фронтальды формаларынан ұйымдастырылған іс-әрекетті дараландыруға көшуге ықпал етті.

2. Зерттеу барысында анықталған жағдайлар мен қолданылған әдістердің болашақ педагог-тәрбиешілердің жеке және кәсіби дамуына ықпал ететіні дәлелденді. Пайдаланылған тәсілдер (бақылау жүргізу, тәжірибені көпшілік алдында талқылау) болашақ педагогтердің тәрбиешілік қызметке деген көзқарасын өзгертуге септігін тигізді.

Нәтижесінде олардың кәсіби іс-әрекеті жанданып, шығармашылық әлеуеті артып, өзін-өзі дамытуға деген қызығушылығы күшейді. Сонымен қатар, бұл үдеріс болашақ тәрбиешілердің топтық бөлмеде дамытушы заттық-кеңістік ортаны тиімді жобалауына, жаңа кәсіби және шығармашылық дағдыларды меңгеруіне, сондай-ақ балалардың іс-әрекетін ұйымдастыру шеберлігін жетілдіруіне ықпал етті. Заманауи заттық дамытушы орта жағдайында тәуелсіз және бастамашыл мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқытудың формаларын меңгерді.

3. Осы жұмыстың негізгі гипотезасының дұрыстығын растайтын эмпирикалық зерттеулер циклінің ең жалпы нәтижесі-бұл өндірістік практика мен кәсіби қызметтің өзара байланысын анықтау және дәлелдеу. Болашақ педагог-тәрбиешінің мектепке дейінгі ұйымдарда заттық дамытушы ортаны дұрыс жобалай алуы.

Осылайша, зерттеудің бастапқы кезеңінде қойылған міндеттер толық шешіліп, ұсынылған гипотеза өз дәлелін тапты.

Зерттеу тақырыбын одан әрі дамыту бірнеше маңызды бағыттарды қарастыруды қажет етеді. Біріншіден, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби даму кезеңдері мен оның жеке және кәсіби қалыптасуына ықпал ететін факторлар арасындағы өзара байланысты анықтау өзекті мәселе болып табылады. Екіншіден, мектепке дейінгі ұйымның заттық-дамытушы ортасын жобалау барысында кәсіби шығармашылықтың әр кезеңдегі ролін нақтылау маңызды. Үшіншіден, балалардың топтық кеңістіктегі белсенділігін тереңірек зерттеу қажет. Сонымен қатар, балалардың түрлі іс-әрекеттерге деген қызығушылықтарын анықтау және заттық-дамытушы ортаның жекелеген элементтерінің олардың дербес іс-әрекетіне ықпалын бағалау болашақ зерттеулердің маңызды бағыты болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалармен тікелей өзара әрекеттесумен қатар, болашақ педагог-тәрбиешінің кәсіби қызметінің негізгі бағыттарының бірі балалар үшін дамып келе жатқан заттық-дамытушы ортаны құру және өзгерту болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда заттық-дамытушы ортаны жобалау – болашақ педагогтің кәсіби дамуының кез келген кезеңінде шығармашылық тұрғыдан ізденуді қажет ететін үдеріс. Бұл жұмыс барысында болашақ маман топтық кеңістікті ұйымдастыруда өзінің педагогикалық көзқарасын білдіруге, кәсіби қызығушылықтарын жүзеге асыруға және өзіндік ерекшелігін көрсетуге мүмкіндік алады.

Заттық-дамытушы ортаны болашақ педагог-тәрбиешінің кәсіби шығармашылығының көрінісі ретінде қарастыра отырып, біз оның балалардың әртүрлі іс-әрекеттеріне жағдай жасауға, қоршаған орта элементтерінің икемділігі мен қолжетімділігін арттыруға ықпал ететінін

анықтадық. Сонымен қатар, топ кеңістігінде орын алған өзгерістер болашақ педагогтің кәсіби білімі мен дағдыларын жетілдіруге, тәжірибесін толықтыруға және мамандығына деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Осылайша, мектепке дейінгі ұйымдағы заттық-дамытушы ортаны құрудың қажетті шарты ретінде ғана емес, сонымен бірге осы ортаны құратын болашақ педагог-тәрбиешінің үнемі жеке және кәсіби дамуына ықпал ететін ерекше шығармашылық қызмет ретінде де әрекет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жиенбаева С.Н., Бекмағамбетова Р.К., Сыздықбаева А.Ж., Бәлиекбаева Ә.И. Мектепке дейінгі педагогика. Оқу құралы. Алматы: «Альманах» баспасы», 2018. – 269 б.
2. Симон Д. Воспитываем по Монтессори. Москва, Бомбора, 2023. – 390 с.
3. ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>
4. Қыяқбаева Ұ.Қ., Булиекбаева А.И., Каримова Р.Е. Мектеп жасына дейінгі балаларды дараландыру мен әлеуметтендіру. Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «педагогические науки» No2 (66), 2020. Б.318-230. <https://bulletin-pedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/208/485>
5. Зеер Э.Ф. Профессионально-образовательное пространство личности. – Екатеринбург: Деловая книга, 2012. – 248 с.
6. Иванова О.И. Педагогическое сопровождение полоролевого развития детей старшего дошкольного возраста: автореф. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Великий Новгород, 2013. – 31 с.
7. Кенжебеков Б.Т. Формирование профессиональной компетентности будущих специалистов в системе высшей школы: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – 2005. – 405 с.
8. Белкина В.Н. Критерии оценки предметного пространства детского сада через призму детской деятельности / В.Н. Белкина, Е.В. Шакирова // Вестник Череповецкого государственного университета. Серия: Педагогические науки. 2020. №1. С. 115-123. <https://cyberleninka.ru/article/n/kriterii-otsenki-predmetnogo-prostranstva-detskogo-sada-cherez-prizmu-detskoy-deyatelnosti/viewer>
9. Шакирова Л.В. Личностно-профессиональное развитие педагога в процессе формирования предметно-пространственной среды дошкольной образовательной организации. 13.00.01 – Общая педагогика, история педагогики и образования (педагогические науки. Автореферат диссертации на соискание учёной степени кандидата педагогических наук. Ярославль, 2020. – 23 с.
10. Деркунская В.А. Воспитание и развитие дошкольника как субъекта деятельности и поведения в детском саду // Современное дошкольное образование. Теория и практика. 2019. №1. С. 34-45. <https://sdo-journal.ru/journal/articles/derkunskeya-v-a-vospitanie-i-razvitiye-doshkolnika-kak-subekta-deyatelnosti-i-povedeniya-v-detskom-sa/>
11. Петровский В.А. К построению концепции системы дошкольного воспитания // Образовательная политика. 2011. № 4. С. 88-92.
12. Полякова М.Н. Как сделать среду группы развивающей: советы воспитателю // Детский сад: теория и практика. 2015. №10. С. 6-19.
13. Полякова М.Н. Создание моделей предметно-развивающей среды в ДОУ : методические рекомендации/Научный редактор: А.Г.Гогоберидзе. Санкт-Петербург : Центр педагогического образования, 2008. 96 с.
14. Brina Kurent, Stanislav Avsec. Examining pre-service teachers regulation in distance and traditional preschool design and technology education. Heliyon 9 (2023) e13738.
15. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

References:

1. Zhenbaeva S.N., Bekmagambetova R.K., Syzdykbaeva A.Zh., Bolshebaeva A.I. Mektepke deyingi pedagogika. Oqu quraly. Almaty: «Almanah» baspasy», 2018. – 269 b.
2. Simon D. Vospityvaem po Montessori. Moskva: Izdatel'stv «Bombora», 2023. – 390 s.
3. QR Ükimetiniń 2023 jylǵy 28 nauryzdagy №249 qaulysymen bekıtilgen Qazaqstan Respublikasynda mektepke deyingi, orta, tehnikalıq hám kásiptik bilim berudi damytudyń 2023–2029 jıldarǵa arnalǵan tızhyrymdamasy. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>
4. Qyiaqbaeva Ü.Q., Bulshkebaeva A.I., Karimova R.E. Mektep jasyna deyingi balalardy daralandyru men áleumettendiru. Vestnik KazNPU im. Abaya. Seriya «pedagogicheskie nauki» No2 (66), 2020. B.318-230. <https://bulletin-pedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/208/485>
5. Zeer É.F. Professional'no-obrazovatel'noe prostranstvo lichnosti.–Ekaterinburg:Delovaya kniga,2012.–248s.
6. Ivanova O.I. Pedagogicheskoe soprovozhdenie polorolevogo razvitiya detey starzhego doshkol' nogo vozrasta: avtoref. ... kand. ped. nauk:13.00.01. – Velikiy Novgorod, 2013. – 31 s.

7. Kenzhebekov B.T. *Formirovanie professional'noy kompetentnosti budushchikh spetsialistov v sisteme vysshey shkoly: dis. ... kand. ped. nauk: 13.00.01. – 2005. – 405 s.*
8. Belkina V.N. *Kriterii otsenki predmetnogo prostranstva detskogo sada cherez prizmu detskoй deyatel'nosti / V.N. Belkina, É.V. Shakirova // Vestnik Cherepovetskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Pedagogicheskie nauki. 2020. №1. S. 115-123. <https://cyberleninka.ru/article/n/kriterii-otsenki-predmetnogo-prostranstva-detskogo-sada-cherez-prizmu-detskoй-deyatelnosti/viewer>*
9. Shakirova L.V. *Lichnostno-professional'noe razvitie pedagoga v protsesse formirovaniya predmetno-prostranstvennoy sredy doshkol'noy obrazovatel'noy organizatsii. 13.00.01 – Obshchaya pedagogika, istoriya pedagogiki i obrazovaniya (pedagogicheskie nauki). Avtoreferat dissertatsii na soiskanie uchonoй stepeni kandidata pedagogicheskikh nauk. Yaroslavl', 2020. – 23 s.*
10. Derkunskaaya V.A. *Vospitanie i razvitie doshkol'nika kak sub'ekta deyatel'nosti i povedeniya v detskom sadu // Sovremennoe doshkol'noe obrazovanie. Teoriya i praktika. 2019. №1. S. 34-45. <https://sdo-journal.ru/journal/articles/derkunskaaya-v-a-vospitanie-i-razvitie-doshkolnika-kak-subekta-deyatelnosti-i-povedeniya-v-detskom-sa/>*
11. Petrovsky V.A. *K postroeniyu kontseptsii sistemy doshkol'nogo vospitaniya // Obrazovatel'naya politika. 2011. № 4. S. 88-92.*
12. Polyakova M.N. *Kak sdelat' sredu gruppy razvivayushchey: sovety vospitatel'yu // Detskiy sad: teoriya i praktika. 2015. №10. S. 6-19.*
13. Polyakova M.N. *Sozdanie modeley predmetno-razvivayushchey sredy v DOU : metodicheskie rekomendatsii / Nauchnyy redaktor: A.G. Gogoberidze. Sankt-Peterburg : Tsentr pedagogicheskogo obrazovaniya, 2008. 96 s.*
14. Brina Kurent, Stanislav Avsec. *Examining pre-service teachers regulation in distance and traditional preschool design and technology education. Heliyon 9 (2023) e13738.*
15. *Qazaqstan Respublikasynyñ Úkimetiniñ 2021 jylǵy 15 nauryzdagy №137 qaulysymen bekitilgen. Mektepke deyingi tárbiyeleu men oqytudy damytu modeli <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>*

МРНТИ 14.35.15

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.85.1.018>

А.Н.Турапова,¹  Н.Р.Суранчиева,^{2*}  М.А.Батырбаева,² 
А.Т.Махамбетжанова,²  А.Ж.Еримова³ 

¹М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан

²Азаматтық авиация академиясы, Алматы қ., Қазақстан

³Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан

ӘЛЕУМЕТТІК ЕРІКТІЛІК ҚЫЗМЕТТЕР – БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ТОЛЕРАНТТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ

Аңдатпа

Мақалада болашақ мамандардың толерантты қарым-қатынасының функционалдық сипаттамаларын беруде толерантты қарым-қатынастың мәні, маңызды қасиеттері, оның жиынтығы және өзегі талданады. Әлеуметтік еріктілік қызметтер болашақ мамандардың толерантты қарым-қатынасын қалыптастыру құралы ретінде болашақ мамандардың жасампаз, өмірлік және кәсіби құндылықтары мен рухани-адамгершілік қасиеттеріне, адамгершілікке, ашықтыққа, төзімділікке негізделген әр түрлі қызмет түрлерінде білім беру процесіне қатысушылармен өзара әрекеттесу жиынтығы мен біртұтас білім түсінігінде сипатталады. Әлемдік зерттеулерге сүйене отырып, еріктіліктің үш түрі еріктілер-менеджерлер, еріктілердің көмекшілері, еріктілер - тікелей көмек ретінде баяндалады. Болашақ мамандардың толерантты қарым-қатынасы – бұл білім беру үдерісінің субъектілерінің өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз ететін шығармашылық (өмірлік және кәсіби құндылықтар мен болашақ мамандардың рухани-адамгершілік қасиеттеріне, адамгершілікке, ашықтыққа, төзімділікке негізделген әр түрлі қызмет түрлерінде білім беру үдерісіне қатысушылармен өзара әрекеттесу траекториясы» деп нақтыланады. Болашақ мамандардың толерантты қарым-қатынасын қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері баяндалады.

Эмпирикалық бөлімдегі диагностикалау жұмыстары бойынша 119 респондентке үш деңгейлі сауалнама жүргізіліп, сауалнамадағы әр сұрақ деңгейлерге қарай бөлініп, 4 жауапты мазмұны беріледі. «Еріктілік қызметтер мен толерантты қарым-қатынасқа байланысты» 3 деңгейлі сауалнаманың (жауап нұсқаларымен) сандық нәтижелері көрсетіледі.

Түйін сөздер: әлеуметтік еріктілік қызмет, болашақ маман, толеранттылық, толерантты қарым-қатынас, ашықтық.